

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

■ РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
■ ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№80 [2463] 27/08/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Анатолий ХРАМЦОВ,
НАЧАЛЬНИК ЮЖНО-УРАЛЬСКОЙ
ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ:

« ПЕРЕД АО
«НК «ҚТЖ»
И ОАО «РЖД»
СТОЯТ АМБИЦИ-
ОЗНЫЕ ЦЕЛИ, И В
ПЕРВУЮ ОЧЕРЕДЬ
– УВЕЛИЧЕНИЕ
ОБЪЕМА ТРАНЗИТ-
НЫХ КОНТЕЙНЕР-
НЫХ ПЕРЕВОЗОК
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖ-
НЫМ ТРАНСПОР-
ТОМ В НАПРАВЛЕ-
НИИ ЗАПАДНЫЙ
КИТАЙ –
ЕВРОПА »

ТРАНЗИТ

ТАРТЫМДЫЛЫҚ ТЕТІГІ

Транзит – Қазақстанның ең үлкен басымдығы. Еуропа мен Азияның кіндігіне орналасқан еліміз арқылы транзиттік тасымалдан түсетін табыс жыл өткен сайын артауда.

Алайда әлемдік нарықта алпауыт елдер арасындағы экономикалық текетіретестер тауарлар айналымына қаншалықты әсер етуі мүмкін деген де ой туады. Олай болса транзиттен айтарлықтай табыс табуды көздеген Қазақстанның болжамы қалай болады деген мәселе ешкімді бейжай қалдырмасы анық.

Қазақстан өзінің транзиттік әлеуетін арттыру бағытында бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, «Нұрлы жол» бағдарламасын «Бір белбеу, бір жол» бастамасымен ұштастыра отырып, айтарлықтай табыс тауып отыр. Оның үстіне бұл жүкжөнелтушілер үшін де тиімді бағытқа айналды. Өйткені Қытайдан Қазақстан арқылы Еуропаға және өзге елдерге, сондай-ақ кері бағытқа тасымалданатын тауарлар теңіз жолына қарағанда, төрт есеге жуық аз уақытта жеткізілетін болды. Атап көрсеткенде, 2018 жылы Қытай – Еуропа – Қытай бағытында 311 мың ЖФБ тасымалданыпты. Яғни, 2017 жылғыға қарағанда өсім 54% құрағандығын ерекше айту керек.

Ерекше атап көрсетерлігі сол, Қытай – Еуропа – Қытай бағытындағы контейнерлік тасымал көлемі 2018 жылы 2011 жылдың деңгейінен 200 есеге артқан. Олай болса алда транзиттік тасымал көлемінің артуына айрықша назар аударылуда. Өйткені қазіргі бәсекелестік жағдайда темір жолмен тауар тасымалы өзге көлік түрлеріне қарағанда, уақыт пен қаржы үнемдеуге әрі қауіпсіздігі жағынан да оңтайлы болып отыр. Оның үстіне тасымал баламалы теңіз бағыттарымен жоғары бәсекелестік жағдайында жүзеге асырылуда. Оған себеп жоқ та емес. Соңғы жылдары тасымалдаушылар теңіздегі жалдау ақысының мөлшерлемесін екі рет төмендетуге дейін барды. Бұл өз кезегінде бәсекелестікті барынша арттыруға алып келді. Бұл транзиттік тасымалға деген бәсекенің енді қыза түскендігін көрсетеді. Тек ширақ қимылдап, ұтымды баға мен жақсы сервистік қызмет ұсынған елдер ғана ұтыста болатыны түсінікті. Ендеше, көп жағдай Қазақстан темір жолының транзит тартымдылығын дәлелдеумен қатар сервисті дамытуына тәуелді болмақ.

Асқар ИСАҚОВ

АКТУАЛЬНО



ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ЧЕТКО, ЯСНО И ПРОЗРАЧНО

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялся информационный день по вопросам реализации обновленной программы «Цифровая трансформация».

Асель ШАЙХЫНОВА

В мероприятии приняли участие председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев, управляющий директор по цифровизации и трансформации АО «Самрук-Қазына» Даурен Керейбаев, руководители и работники компании, ее дочерних организаций и филиалов, а также команда трансформации.

Как отметил в своем приветственном слове Сауат Мынбаев, в рамках трансформации в ҚТЖ сделано немало. Обновленная программа «Цифровая трансформация» продолжит работу по развитию кадрового потенциала, автоматизации и совершенствованию бизнес-процессов с внедрением цифровых технологий. Программа цифровой трансформации охватила весь ключевой бизнес компании,

включая основные филиалы и дочерние организации.

Портфель обновленной программы «Цифровая трансформация» состоит из 13 стратегических инициатив, в числе которых повышение эффективности операционной деятельности, перевозочного процесса, увеличение транзитных перевозок, эффективное управление информационными технологиями, развитие логистики и пассажирских перевозок, модернизация железнодорожной инфраструктуры, реализация кибербезопасности, внедрение новой модели закупок и другие.

Данные инициативы включают 15 проектов и 34 мероприятия, которые ориентированы на повышение производственной безопасности, корпоративной культуры и потенциала сотрудников, развитие ключевого бизнеса компании, а также направлены

на достижение синергетического эффекта по группе компаний АО «Самрук-Қазына».

Основные спикеры – кураторы инициатив и спонсоры проектов трансформации – рассказали более подробно о каждой инициативе и ее влиянии на деятельность компании.

На инфодне отмечалось, что системные изменения в подходе управления программой цифровой трансформации обеспечат гибкость управления, увеличат скорость и эффективность принимаемых решений.

Реализация обновленной программы «Цифровая трансформация» позволит компании выйти на новый уровень развития.

Разработанная модель управления программой является прозрачной, в ней можно увидеть индивидуальный вклад каждого участника проекта и мероприятия. Эта структура позволяет как закрывать проекты, не достигшие заявленных результатов, так и инициировать новые прорывные проекты.

В настоящее время преобразования охватили практически всю компанию, всех руководителей и каждого работника.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТАСЫМАЛ

ЖЕТІ АЙДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Еліміздегі ірі жүк тасымалдаушы және локомотив қызметінің операторы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің, багаждың сақталымын қамтамасыз ете отырып, теміржол көлігімен жүк тасымалын үздіксіз және сапалы жүзеге асыруды қызметінде басты мақсат етіп келеді. Үстіміздегі жылдың жеті айында ұлттық оператор компаниямен Қазақстан темір жолдары арқылы шамамен 159 млн тонна жүк тасымалданыпты.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Бұл былтырғы және соңғы үш жылмен салыстырғанда тасымал көлемінде 19% өсімге қол жеткізілгенін көрсетеді. Ал тасымалды таратып айтар болсақ, республика ішінде 93 млн тонна жүк таратылса, 48 млн тонна жүк экспортқа шығарылып, 10 млн тоннасы сырттан келген, ал 9 млн тоннадан астам жүк транзит арқылы өткен. Осы ретте, тасымалданған жүк номенклатурасына келсек, онда тасымалданған негізгі жүктің көшбасын, яғни 57 млн тоннадан астамын тас көмір бастап, оның көрсеткіші өткен жыл деңгейін құраса, өткен жыл деңгейінен 3% өсіммен 15 млн тонна темір кені, былтырғыға қарағанда 1% өсіммен 12 млн тонна темір

кені және 6,6 млн тонна астық, сондай-ақ 12 млн тонна мұнай және мұнай өнімдері, осынау көлемде құрылыс жүктерінің тасымалы жүзеге асқан.

Егер тасымалданған жүктердің негізгі бағыттарына тоқталар болсақ, онда жалпы жүктің негізгі бөлігінің, яғни 58%-і республика ішінде іске асырылған, ал экспорттық қатынас үлесі 30% құраса, соның ішіндегі Ресейдің үлесі 59%, Қытайдікі 10%, Өзбекстандікі 9% болып отыр. Сонымен қатар импорттық қатынастағы үлес 6%-ті құрап, соның 73%-і Ресей, 11% Қытай, 6% Өзбекстан еншісін тиесілі болып отыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей, өткен жеті айда транзиттік қатынастағы тасымал көлемі 9 млн тоннаны құраған болатын. Соңғы үш

жылда бұл бағыттағы тасымал көлемінің 23%-ке өскені байқалып отыр. Бұл өсім көмір тасымалының 18%-ке, астықтың 52%-ке, сонымен қатар жүктерді контейнерлермен тасымалдау көлемінің ұлғаюы есебінен болыпты.

Контейнерлік транзиттің басым бағыттарын алдымен Қытай – Еуропа – Қытай құрап отыр. Бұл бағыттағы тасымал соңғы үш жылда 4,3 есеге өссе, 2018 жылмен салыстырғанда биылғы жылдың есепті мерзіміндегі өсім 3%-ті құраған. Одан кейінгі орында Қытай – Қазақстан – Орта Азия елдері бағыты. Қытай – Қазақстан – Ресей бағытындағы контейнерлік тасымал ағымдағы жылдың жеті айында өткен жыл деңгейіне қарағанда 47% артқан. Ресейлік контейнерлік транзиттің Қазақстан арқылы Орта Азия елдеріне өтуі де жақсара түскен. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ мамандары осы жылдың соңына қарай Қытай – Қазақстан – Түрікменстан – Иран бағытындағы контейнерлік транзит көлемінің екі есеге ұлғая түсетінін болжамдап отыр.

Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік контейнерлік тасымал өсімін басқа бағыттар бойынша да байқауға болады. Айталық, Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары бойынша 2,9 мың ЖФБ контейнер тасымалданып, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімінен 60%-ке артық шыққан. Соның ішінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ сенімді басқарылымындағы Ақтау порты арқылы тасымалданған контейнерлер саны 1,8 мың ДФЭ құраса, бұл көрсеткіш өткен жылдың жеті айымен салыстырғанда 15 есеге жоғары болған. Компания мамандары Құрық теңіз порты арқылы да контейнерлік транзиттік тасымалдың артып келе жатқанын айтады.

Міне, жеті айда қол жеткен жетістік осындай. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ мамандары қол жеткізген жетістік бұл көрсеткіштермен тоқтап қалмай, тасымал көлемін өсіруге әрі қарай да басымдық беріледі. Демек, жыл соңына дейін әлі уақыт бар.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СЕРВИС

НОВЫЕ ПРАВИЛА ПЕРЕВОЗОК ПАССАЖИРОВ

С 28 августа текущего года вступают в силу новые правила перевозок организованных групп пассажиров. В этот день вступает в силу приказ министра индустрии и инфраструктурного развития РК о внесении изменений в Правила перевозок пассажиров, багажа, грузов, грузобагажа и почтовых отправлений железнодорожным транспортом.



Теперь заявки от юридических лиц можно оформить по электронной цифровой подписи юридического лица. Билет будет оформляться на каждого пассажира по отдельности, а не на всю группу на одном бланке, как это делалось ранее. Изменены сроки подачи заявки и выкупа зарезервированных мест. Есть ограничения по внесению изменений в первоначальный список организованной группы пассажиров. Размер невозвратного депозита составляет 30% от общей стоимости проезда группы, тогда как раньше был только сбор за резервирование мест в размере 290 тенге за одно место.

Это позволит искоренить незаконную скупку, перекупку проездных билетов. Кроме того, в правила внесены изменения, касающиеся пассажиров с ограниченными возможностями. Теперь на все социальные поезда они могут приобретать билеты со скидкой 50% по всем направлениям Казахстана.

Кроме того, было отмечено об отмене штрафа за возврат билетов на поезд. Теперь пассажирам не придется платить тысячу тенге, если они вдруг откажутся от поездки.

Руслан РАХМЕТОВ

НА СПРОС ЕСТЬ ПРЕДЛОЖЕНИЕ

На этой неделе АО «Пассажирские перевозки» будут назначены дополнительные разовые поезда сообщением Нур-Султан-1 – Шу и Алматы-2 – Новосибирск.



В пресс-службе национальной перевозчика отметили, что в связи с повышенным спросом 31 августа в 9.55 со станции Нур-Султан-1 отправится разовый поезд №220/219 прибытием в Шу в 20.00 того же дня. В 21.15 состав пустится из Шу в обратный путь и в 08.50 будет в столице.

Еще один дополнительный поезд – №302/301 сообщением Алматы-2 – Новосибирск – запустят из южного мегаполиса 2 сентября в 17.13, а из Новосибирска в обратном направлении – 4 сентября в 14.31 по местному времени.

Напомним, с июля текущего года в АО «Пассажирские перевозки» внедрена усовершенствованная система продаж электронных проездных документов, позволяющая снизить искусственный дефицит за счет блокировки кассы и внедрения единого листа ожидания.

Роман ЛЮБИМОВ

ЦИФРА НОМЕРА

22

млн тонн

ГРУЗА ПОГРУЖЕНО ПО СЕТИ
АО «НК «ҚТЖ» ЗА ИЮЛЬ
ТЕКУЩЕГО ГОДА

ЖАРТЫ ЖЫЛДА – ТОҒЫЗ ҰСЫНЫС

Жыл сайын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінде рационализаторлық қызмет бойынша межеленген жоспарлар толық орындалып келеді.

Айталық, үстіміздегі жылдың бірінші жарты-жылдығында №8, 34-ші вагон деполары, №9,1,11 локомотив пайдалану деполарының бірлесуімен жоспарлы 11 рационализаторлық ұсыныстың орнына 21 ұсыныс жасалып, соның ішінде 9 рацұсыныс өткен. Ол бойынша авторлық сыйақыға төленген ақша көлемі 392 000 мың теңгені құраса, өнертапқыштыққа қосқан үлесі үшін 68 мың теңге көлемінде сыйақы төленген. Бүгінде ол 9 рацұсыныс келісімге жіберілген.

Мұнымен қатар тоқсан сайын Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінің бірінші деңгейлі техникалық кеңесінің деңгейінде «Үздік рационализатор» байқауы өтеді және бөлімше қызметкерлерінің техникалық шығармашылығын дамыту және рационализаторлық қызметін белсендендіру мақсатында семинарлар өтіп, оған белсенді өнертапқыштар, жас мамандар шақырылады екен. Бұл шаралар өз нәтижесін беріп отырғанын жоққа шығармайды бөлімше мамандары.

Ислам ТАЛҒАТ

ЖАҢА ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАР БОЛСА...

«Жамбыл – адалдық алаңы» жобасы темір жол саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында вокзалдарға турниктер орнату мәселесіне орай жаңа жобаны қолға алмақ. Аталған жоспар «Адал жол» жобалық кеңсесімен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және Бас көлік прокуратурасымен келісілмек.

Темір жол саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында еліміздегі жолаушылар тасымалдау жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізу көзделуде.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі тарапынан бекітілуі тиіс «Темір жол көлігімен жолаушылар тасымалдау жүйесін жетілдіру бойынша жоспар» жобасына сәйкес, вокзалдарда турниктер орнату арқылы шығарып салушылардың перронға өтуін шектеу нормалары енгізілмек, яғни перронға негізінен билеті бар жолаушылардың ғана өту құқығы болмақ.

Осы орайда, жоба авторлары жұртшылық пікірін маңыздылығын ескере отырып, көрсетілген өзгерісті енгізу жөнінде көпшіліктің ой-пікірлері мен ұсыныс-тілектерін білдірулерін сұрайды. Бұл туралы халықтың пікірін жоба қызметкерлері әлеуметтік желілер мен халық арасында сауалнама жүргізу арқылы жинақтауда.

Айта кету керек, пікірлердің ішінен жобаға қарсы адамдардың қарасы көптігін бірден аңғаруға болады. Мәселен, Замира Хасенова: «Бұл дұрыс емес! Балалары және ауыр сөмкесі бар жолаушы қайтпек? Пойыз бірінші жолаққа тоқтаса мейлі, ал екінші жолақта тұрса ше? Бұл мәселені шешеді деп ойламаймын, керісінше жолаушыларға қиындық тудырады» дейді. «Тым асыра сілтеу сияқты. Билеті барлар ғана перронға шыққаннан жемқорлық азая қояды дегенге сену қиын және негізсіз деп ойлаймын» дегті Бахтияр Бекназаров. Тапғат Тілеукеев болса: «Жемқорлықты жоюымыз деп жүріп адамгершілікті жойып алмайық. Мен қарсымын. Кейде таныс-туысымыз Тараз станциясы арқылы өтіп бара жатады. Мысалы, Қызылордадан Нұр-Сұлтанға. Сәлем беріп, қолынан ала алмаймыз ба сонда?» десе, Уали Болатбек: «Дұрыс емес.Әлемнің барлық мемлекетінде шығарып салу, күтіп алу процестері бар» деп уәж айтады.

Өрине, қандай шешім қабылданса да, халық ереже мен талапқа бағынып, орындайтыны хақ. Алайда, ол күшіне енбей тұрып, халыққа тиімді тұстарына баса мән беріліп, жолаушылар пікірі ескерілсе, нұр үстіне нұр.

Әсел МҰРАТБЕКҚЫЗЫ, Тараз

ТҰЙЫҚ ЖОЛДАҒЫ «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ»

Ақтөбедегі Қарауылкелді станциясында азаматтық қорғаныс бойынша кешенді оқу-жаттығу шарасы өтті. Теміржолшылар төтенше жағдай кезіндегі шұғыл жұмыс жасау тәртібін іс жүзінде көрсетуге тырысты.

20-24 тамыз аралығында Қарауылкелді станция-сының аумағындағы өткен оқу-жаттығу жұмыстарына тұйық жолда «төтенше жағдай» себеп болды. Жаттығу кезінде теміржол аумағына ірі көлемде хлор төгіліп, жедел залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Арнайы сценарий бойынша теміржол бойындағы апатты жою жұмыстары ұйымдастырылған. Алдымен барлау, эвакуациялау, медициналық көмек көрсету жұмыстары жүрді. Кейін хлордың төгілуі тоқтатылды. Рельс бойын залалсыздандыру, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Оқиға орнына төтенше жағдайлар қызметі, денсаулық сақтау департаментінің мамандары, апаттар медицинасы орталығының жедел әрекет ету бригадасы келді. Оқу-жаттығу кезінде арнайы құрылымдар өздеріне жүктелген тапсырманы толық орындап шықты.

«Оқу-жаттығудың бірінші минутынан бастап тұрғындар арасында үрейленудің алдын алу мақсатында аудандық апаттар қызметі бұқаралық ақпарат құралдары, телерадиоарналар, Whatsapp, Instagram, VK әлеуметтік желілер арқылы тұрғындарды хабардар етуді ұйымдастырды. Мешіттердің, мәдениет үйлерінің шатырынан, стационарлық және ұтқыр дауыс зорайтқыш құрылғылардан тұратын арнайы автокөліктер пайдаланылды.Осындай бірлескен жаттығу аясында төтенше жағдайда шұғыл жұмыс жасау меңгерілді. Сонымен бірге жаттығу аясында вагондарға жүктерді тез тиеп, түсіру жұмыстары да жасалды. Барлық тапсырма белгіленген шекті уақыт шеңберінде тиянақты орындалып, шұғыл жағдайға әрекет ету жұмыстарына жоғары баға берілді», – дейді Қарауылкелді станциясының басшысы Жанболат Алпысбаев.

Оқу-жаттығу жұмыстары тұйық жолда өрт сөндіру пойызының қатысуымен өтті.

Ардан СЕРДАЛЫ, Ақтөбе

КЕШЕНДІ ТЕХНИКА КӨМЕГІМЕН

Күніне жүздеген, мыңдаған тонна жүк тиеген вагондар зулап өтіп жататын теміртабанды жолдың да тозатыны ақиқат. Сондықтан теміржолшылар оның сапасына көз жеткізіп, уақытылы сауықтырып отырады.

Әсел ЖАЙНАҚОВА, Жамбыл

Жамбыл жол дистанциясы директорының орынбасары Нұрмахан Қалиевпен Аспара-Шу арасын жалғайтын қос рельстің бойындағы қауырт шаруа барысында кездестік. Жұмыстың көрігін қыздырып жатқан соңғы заманауи техникалар – австриялық кешенді машиналар тізбегі. Мандай терін жеңімен сүрте әңгімесін бастаған дистанция өкілі алдымен әлгі техникалармен таныстыра жөнелді.

– Мынау ПБР деген шағыл тас төсейтін техниканың кереметі сол, шпалдардың арасына қажетті тастарды өзі реттеп, жайып отырады. Ал ДГС – төмендеп кеткен жолды көтеріп, ұрғылап, қайта қалпына келтіретін ғажап техника. Бұлардан бөлек, 200 метрлік, 500 метрлік рельстерді дөнекерлеп, жалғау қызметін

атқаратын ПРСМ техникамыз тағы бар. Бұл кешенді техникалар Шу механикаландырылған жол дистанциясына тиесілі екенін айта кеткенім жөн. Австриялық кешенді жол машиналары арнайы кесте бойынша жылына бірнеше рет темір жолдарды сауықтырып отырады. Яғни, бұрын біздің жүз жолшының жаз бойы жасайтын жұмысын бір сәтте жасап өтеді, осылай бірте-бірте баяғыдай жолшылардың ауыр қол еңбегі техникаға ауысып жатыр, – дейді Нұрмахан Құралбайұлы.

Күзгі дайындық жұмыстарына тартылған алты адамнан тұратын бригада колонна жұмысымен қабаттаса жол бойында жүр.

Дистанция директоры орынбасарының айтуынша, күзгі дайындық шараларының аясында бұл жолы отыз шақырымдық рельстің жағдайына бақылау жасалады. Ал осы аралықтағы темір жолмен күніне орта есеппен 70-80



пойыз өтеді, жаз маусымында олардың саны тіпті жүзден асып жығылатын көрінеді. Олардың арасында жолаушыларды тасымалдайтын «Тұлпар-Тальго» жүрдек пойыздары да бар. Сондықтан жол шаруашылығының сапасы сын тудырмайтындай болуы шарт.

– Алда әлі жоспар көп. Жақында бұрандаларды ауыстырмақпыз. Одан кейін қыркүйек айында Луговой-Қорағаты аралығындағы темір жол бойына ағымдағы жөндеу жұмыстарын

жүргіземіз, біздің жақта жаймашуақ жылы болып ұзақ тұратын күз айлары оған толық мүмкіндік береді, – дейді Нұрмахан Құралбайұлы.

Бірінің соңынан бірі ілесіп қос рельстің үстінде жылжып келе жатқан машиналар тізбегінің жұмысын үйлестіріп жүрген колонна бастығы Қамсейіт Құрмановтың мақсаты – кешенді техниканың сапалы жұмысын қамтамасыз ету.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖОЛАУШЫ ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН

Батыс өңіріндегі ірі тораптық станция Қандыағаш вокзалы – тәулігіне 22-24 жұп пойыз өткізіп отырған Ақтөбе теміржолының ең үлкен теміржол бекеті.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Қандыағаш теміржол вокзалында жолаушылар үшін барлық жағдай жасалған. Көлікке арналған тұрақтан бастап, ана мен бала және мүгедектерге арналған бөлмелер бар.

1998 жылы қолданисқа берілген вокзал екінші класты. Екі қабатты ғимаратқа 2013 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Вокзал бастығы, кезекшілер мен кассирлер, анықтама, диктор, тағы басқа жұмысшылары бар, барлығы 39 адам жолаушылар қызметіне жұмылған. Вокзалдың мүмкіндігі зор. Мүмкіндігі



шектеулі жандар вокзал есігін атағаннан бастап маман қызметіне жүгіне алады. Жолаушы кіреберістегі тегікті басқан бойда вокзал қызметкерлері көмекке келеді. Билет алудан бастап пойызға мінгізіп жібе-

руге дейінгі қызметке жүгіне алады. Оларға мүгедектерге арналған арнайы бөлмеде демалуға жағдай жасалған. Мұндай топтағы адамдар вокзал көмегіне жиі жүгінеді.

Қырық мыңнан аса тұрғыны бар

ЖАМАН АЙТПАЙ ЖАҚСЫ ЖОҚ

Темір жол торабындағы маңызды саланың бірі – өртке қарсы қызмет. Қандай да бір оқыс жағдай орын алып, аяқ асты өрт бұрқ ете қалса, соғысқа аттанған сарбаздардай тілсіз жауды ауыздықтауға алдымен аттанатындар – осы өртке қарсы қызмет жасақтары.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Бүгінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі Атырау жасағының жағдайы жаман емес. Жалпы, өртке қарсы қызмет міндеті – Компания және еншілес мекемелердің нысандары мен жылжымалы құрамдарында өрттің алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрт қауіпсіздігі ережесі талаптарының сақталуын қадағалау, темір жол мекемелерінде, жылжымалы құрамдарында, жол жиегінде орын алған өртті сөндіру, апаттық және төтенше жағдайлар орын алған кезде қалалық, облыстық өрт сөндіру бөлімдерімен бірігіп жұмыс жасау, көмек көрсету. Бүгінде Атырау аумағында 3 өртке қарсы пойыз қызмет атқарады. Олар – Ганюшкино, Мақат және Атырау станцияларында. Одан басқа теміржол кешендерін, барлық учаскелерді тексеретін учаскелік инспекторлар бар. Жасақ бастығы Максат Мырзабаевтың айтуынша, жасақ жағдайы соңғы жылдары жақсара түскен.

– Ең алдымен жасаққа арналған жеке ғимарат бой көтерді, оның іші барлық техникалық-материалдық жағынан жабдықталған. Ғимараттың бірінші қабатында өрт сөндіру командасы, екінші қабатында жасақ орна-

ласып, барлық экипировка мен өрт сөндіру құралдары, техникалары да сонда топтастырылған. Өрт сөндіруге қажетті сегіз мотопомпа алуға қол жетті. Соның арқасында қазір Мақат, Ақжайық өрт сөндіру пойызында өрт техникасы 100 пайызға жаңарды. Ганюшкино мен Бейнеуте де бір-бірден жаңа мотопомпа тапсырылды. Барлық өрт сөндіру пойыздарына ұйымдастыру техникасы түрлері алынды. Компьютерлер барлық өрт сөндіру пойыздарына алынып берілді, қазір бәрінде жұмыс жасап жатыр. Сондай-ақ ксерокс, факс, теледидар алынды. Ең бастысы өрт, апатты оқиғалар орын алғанда болған жағдайды уақытында суретке түсіріп, оқиғаның материалдарын тіркеуге арналған сандық фотоаппарат алынды. Яғни, бүгінгі таңда өрт сөндіру пойыздары барлық қажетті техникамен толықтай жарақтандырылып отыр, – дейді ол.

Атырау жасағының қызмет көрсету аумағы 845,8 шақырымды құрайды. Ол Д.Нұрпейісова бекеті-Атырау, Атырау-Ақжайық, Атырау-Сағыз, Мақат-Құлсары станциялары аралығын қамтиды. Өртке қарсы қызмет жасағы құрамында 56 адам қызмет етеді, ал өрт сөндіру пойыздары ірі темір жол станцияларына және өрт қауіптілігі жоғары аймақтарға



орналастырылған. Мақат өрт сөндіру пойызы, мысалы, Мақат станциясында орналасқан.

Өрт сөндіру пойыздарында 2 су сақтағыш қазан бар, әр қазанда 50 тоннадан 100 тонна су бар, 2 стационарлық ММ-27/100 маркалы мотопомпаларынан, 1 Хонда маркалы электрстанциясынан, 1 тасымалды мотопомпасынан өрт жеңдері 1700 метр, 5 тонна көбіктендіргіш және өрт автокөлігінің көлік жайымен, вагонсорғымен жабдықталған.

Ағымдағы жылдың 1-жарты-

жылдығында Сағыз станциясында жүк пойызы құрамындағы жабық вагонға тиелген ағаш көмірінің өртену оқиғасы тіркелген болатын. Мақат өрт сөндіру пойызы, Сағыз станциясындағы темір жол мекемелерінің ерікті өрт құрылымдары күштерінің бірігіп, жедел іс-әрекеттерінің арқасында, өрт сөндіріліп, пойыз қозғалысына кедергі келтірілген жоқ.

Жеке құраммен де жұмыс ұдайы жүргізіліп тұрады, аумаққа қарасты мекемелер кестеге сай тексеріледі. Мысалы, өткен мерзімде 383 нысан тексеріліп, 904 өрт қауіпсіздігі ережесі талаптары кемшіліктері анықталып, былтырғы жылмен салыстырғанда 4,7% азайған, ал өрт шығу қаупі бар 106 нысанның жұмысын тоқтатуға ескерту парағы берілген. 2273 локомотив тексеріліп, оның 1176-да өрт қауіпсіздігі кемшіліктері анықталған, яғни былтырғы жылмен салыстырғанда 68,3% азайған.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі аумағында 2 жүк пойызы құрамындағы қауіпті жүк тиелген вагондарда жүктің ағуы Ақжайық және Мақат станцияларында тіркеліп, апаттық жағдай уақытылы жойылған.

Суреттерді түсірген автор

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

РЕАЛИЗАЦИИ «ҚАМҚОР GREEN» – ЗЕЛЕНЫЙ СВЕТ

14 августа текущего года генеральный директор группы компаний «Қамқор Менеджмент» Диас Сулейменов дал старт реализации программы «ҚАМҚОР GREEN» – экологическая перезагрузка производственных предприятий «Қамқор Менеджмент».



Любовь РОВБА

Масштабная презентация программы «ҚАМҚОР GREEN», разработанной в поддержку инициативы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаева о переходе Казахстана к «Зеленой экономике», состоялась в рамках пресс-конференции на информационной площадке и при поддержке Национальной палаты предпринимателей Казахстана «Атамекен», ОЮЛ «Ассоциация экологических организаций Казахстана» и коалиции за «Зеленую экономику» и развитие G-Global.

Программа «ҚАМҚОР GREEN» запланирована на реализацию в 10-летней перспективе до 2030 года и предусматривает реализацию ряда крупных экологических проектов, главной задачей которых является снижение негативного влияния, создаваемого деятельностью компании на окружающую среду.

Концепция программы базируется на выполнении пяти основных направлений:

- Повышение энергоэффективности производственных объектов группы компаний «Қамқор» за счет использования альтернативных энергетических технологий и возобновляемых источников энергии – это масштабное применение тепловых насосов, солнечных коллекторов, ветросолнечных электрогенераторов. Важным моментом в реализации данного проекта является то, что часть технологий будет собственного производства, а его реализация позволит сократить потребление ТЭР по реализуемым объектам до 35%.
- Модернизация котельного хозяйства топливных складов – проект по переходу на газовое отопление в рамках государственной программы по газификации регионов страны. Решение позволит на 76% сократить количество вредных выбросов в атмосферу и на 39% потребление электроэнергии по 29 объектам,

в которых будет проведена модернизация.

- Альтернативные строительные материалы и композитно-полимерные шпалы – переработка отходов пластика и пластмассы, производство из вторичного сырья инновационного продукта – композитно-полимерных шпал. В рамках данного проекта в настоящее время ведутся переговоры с австрийскими компаниями по выработке технологии производства пластиковых шпал, пригодных для применения на магистральных путях.
- В сравнении с традиционными шпалами пластиковые полностью экологически нейтральны, ремонтируемы, могут быть использованы в агрессивных средах, имеют более длительных жизненный цикл (в 5-10 раз дольше) и бесконечное количество циклов переработки.
- Kamkor Production system – производственная система компании, направленная на постоянное улучшение производственных и бизнес-процессов, основанная на принципах «Lean manufacturing».
- Kamkor Park – проект, направленный на полную остаточную компенсацию углеродного следа, создаваемого производственными объектами группы компаний «Қамқор», который также преследует цель по созданию здоровой и эстетически полноценной природной среды для жителей малых городов, в которых расположены бизнес-объекты компании. Так, в период до 2023 года планируется высадка 11000 деревьев и далее по 5000 ежегодно, что позволит к 2030 году высадить более 51000 зеленых насаждений в виде парков и скверов.
- Уже 12 сентября текущего года пройдет первая акция «Kamkor Park» по высадке 2000 хвойных саженцев в городах Аягөз, Шалкар, Казалы и Шар, а 14 сентября по всему Казахстану 11000 работников предприятий холдинга проведут масштабную акцию «Таза Казахстан».
- Отмечается, что залогом успеха перехода к

«Зеленой концепции» явилось подписание Меморандума о сотрудничестве между коалицией за «Зеленую экономику» и развитие G-Global» и группой компаний «Қамқор Менеджмент».

Диас Сулейменов, выступая перед журналистами, подчеркнул:

– В Казахстане 2019 год объявлен Годом молодежи, именно поэтому разработка и реализация проектов программы «ҚАМҚОР GREEN» доверена молодежному крылу – Совету по молодежной политике «Қамқор Менеджмент».

